

*Білекті бірді жығады - білімді мыңды жығады*

# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

*Райхан  
Ахметқазықызы  
ҚІРШЫБАЕВА*

№ 145 Әл-Фараби  
атындағы мектеп-  
гимназияның қазақ  
тілі мен әдебиеті пәні  
мұғалімі.  
Бостандық ауданы,  
Алматы қаласы

*60* жас



Мектеп ұжымымен



Әріптестерімен кездесуде



Райхан  
Ахметқазықызының  
зейнет жасына шығу  
бақыты



Әріптестерімен



Қазақ тілі бірлестігі



Оқушылары және әріптесі Балаусамен Астана қаласында өткен республикалық олимпиадада



Мектептің әжелер ансамблі



# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 4 (214), 2026  
Сәуір  
Апрель

*2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно*

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап  
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.  
Журнал издаётся с января-февраля 2006  
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік  
педагогикалық журнал  
Республиканский научно-методический  
педагогический журнал)**

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

<b>Ахметқазы-Ләтипа әулеті</b>	
Апайымыз Райхан Ахметқазықызына ақ тілек!.....	3
<b>Н. Ысқаққызы</b>	
Бір үзік сыр Райханға.....	4
<b>Д. Инаят</b>	
Ұстазға мың тағзым.....	6
<b>Н. Глеболдинова</b>	
Райханның дара жолы.....	7
<b>Б. Қудабаев</b>	
Чунетов Айдын Мавлетканович: полвека служения Родине, чести и долгу.....	10
<b>Д. Загитов</b>	
Чунетов Айдын Мавлетканович: ел сенімін ақтаған абзал жан.....	13
<b>М. Мурзагулова, Ц. Яцзе</b>	
Қытай халық дәстүрлі қағаз қию өнері арқылы бастауыш сынып оқушыларының көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру: пәнаралық интеграция тәжірибесі.....	16
<b>А. Чэньян, С. Цзин, Ч. Яцянь</b>	
Жоғары оқу орны оқытушыларының эмоцияларының кәсіби дамуға әсері: әдеби шолу.....	20
<b>Э. Джуматаева</b>	
Пример для подражания.....	26
<b>Ж. Абжаппарова</b>	
«Тілдік пәзд». Сан есім.....	31
<b>Г. Ибраимова</b>	
Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек стилизациясы.....	34
<b>А. Шегенбаева</b>	
№109 сабақ. 11-ден 20-ға дейінгі сандар. Сандарды салыстыру.....	38
<b>Қ. Әбдіғалиева</b>	
Мата туралы түсінік, алжапқыш тігу.....	43

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:  
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

**БІЛІМ КІЛТІ -  
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**  
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс  
және ақпарат министрлігінде  
қайта тіркеліп, №10965-Ж  
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды  
30.04.2026 ж.  
Сандық басылым.  
Тапсырысы: 322.  
Басылым индексі: 75488

**Редакцияның мекен-жайы:**

050036, Алматы қаласы,  
Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел:  
8 777 303 37 67.

Эл пошта:

**pedagog-ltd@mail.ru**

Сайт:

**pedagogltd.kz**

Журнал «Rado Print»  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,  
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

**Ә. Дүйсебек** — Б. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекенжайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

#### Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»  
Главный редактор: Г. КУСТАНОВА  
Журнал перерегистрирован в Министерстве  
связи и информаций РК. Свидетельство  
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 30.04.2026 г.  
Печать цифровая.  
Заказ 322.


Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:  
050036, г. Алматы,  
Мкр. Мамыр-2, 13-7.  
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;  
Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: [pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)  
Сайт: [pedagogltd.kz](http://pedagogltd.kz)


Журнал напечатан в типографии  
«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





*«Білім кілті – Ключ знаний» журналының редакциясы Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Райхан Ахметқазықызы Кіршібаеваны мерейлі жасқа жетіп, зейнетке шығуымен шын жүректен құттықтайды. Райхан Ахметқазықызы өмірін педагогика саласына арнап, талай талантты шәкірттер тәрбиелеген ұстаз. Көп жылдан бері республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері» журналының редакция алқасының мүшесі әрі белсенді авторы. Шығармашылық жолында талай өлеңдер де жазып, қаламын қолдан тастамаған жан. Отбасында үйдің үлкені болып, артынан ерген бауырларына үлгі, арқа сүйер әпке бола білді. Бала-шағасына да сүйікті ана, аяулы ана болып, үй ішін жылылыққа бөлеп жүрген жайы бар. Мектепте де Райхан Ахметқазықызының орны бір төбе. Ұстаздар арасында да, оқушылар арасында ыстық ықыласқа бөленіп жүр. Өмірдің сан түрлі қиындықтарын мойымай өткере білген Райхан Ахметқазықызына бейнеттің зейнетін көретін керемет шақта мол бақыт, зор денсаулық тілейміз. Алда да асар асуларыңыз көп болсын, шәкірттеріңіз биік шыңдарды бағындырып, сізге алғысын жаудырта берсін. Алда құттықтаулар мен жылы лебіздер легі болмақ. Әрбір ұстазға осындай ұстаз бақытын тілейміз.*

## Апайымыз Райхан Ахметқазықызына ақ тілек

**Әулетіміздің үлкені, бәріміз үшін орыны ерекеше құрметті апайымыз Райхан Ахметқазықызын 60-тың асуынан асып, мерей жасына жетуімен құттықтаймыз! Алдымыздағы асқарымыз, ақылшымыз, жанашырымыз болып, бала-шаға мен немерелеріңіздің, ағайын-туыстың ортасында барлық арман-мұратыңызға жетіп бақытты да ұзақ ғұмыр кешіңіз! Сізге әлемдегі ең қасиетті, ең жақсы тілектердің бәрін тілейміз!**

Білім жиған ғұмыр бойы тірнектеп,  
Өмір жолы өнегелі бір мектеп.  
Зейнет жасқа жетті бүгін мерейлі,  
Апайымыз ардақ тұтар құрметтеп.

Тізгін ұстар тұңғышы боп әулеттің,  
Парасатты, ақылды боп бой жеттің.  
Асқарынан асып алпыс асудың,  
Мына өмірдің белесіне төрлеттің.

Айналдырып өміріңнің мәніне,  
Қамқор болдың аға-бауыр бәріне.

Мейірімінді сезінген соң ерекше,  
Есейсек те еркелемейміз әлі де.

Жүрегінді әлдилейді тәтті үміт,  
Тұла бойың тұнып тұрған жақсылық.  
«Бауырларың аманат» деп өзіне  
Ата-анамыз кетті саған тапсырып.

Басымыздан небір дәурен, өтті күн,  
Мына өмірге еш өкпеміз жоқ бүгін.  
Апайымыз тірек болып әрқашан,  
Білдірмеді ата-ананың жоқтығын.



Бір әке мен бір шешеден тараған,  
Барлық бауыр қабағына қараған.  
Жол бастаушы үлкеніміз өзіңсін,  
Әулеттегі қарсы келмес жан адам.

Мирас, Елдар қос қанатың талмай-  
тын,  
Күш-жігерін бір сен үшін арнайтын.  
Немерелер өсіп-өніп келеді,  
Арманыңды биіктерге жалғайтын.

Келіндерің топырағыңнан нәр ал-  
ған,  
Дәл сендей боп мейірімнен жарал-  
ған.  
Тілегінді орындайтын айтқызбай,  
Көркем мінез есіп тұрар олардан.

Еңбегіңмен осы күнге жеткенсің,  
Ұрпағыңның қуанышы көп болсын,  
Шөбере мен шөпшек көріп, әже боп,  
Бәйтеректей тамыр тартып көктер-  
сің!

Күнге жетіп көптен күткен, сағын-  
ған,  
Ажырмай мәуелейік тамырдан.  
Ортамыздың тірегі боп жүзге кел,  
Біз әрқашан табыламыз жаныңнан!

**Ахметқазы-Ләтипа әулеті.**



## Бір үзкі сыр Райханға

Бүгін күн таңертең жарқырап тұр. Ауа райы тамаша, сөйтсем Райхан сіңлімнің туған күні екен, мерейлі 63 жасына желдей есіп қалай кеп қалғанын білмей қалған ғой! Зейнетке шығуың құтты болсын! Райхан сіңліме біраз сыр шерткім келеді. Өйткені, мұндай сәттер күнде бола бермейтіні шындық. Тереңнен тартып, тек өзектісінен естелік болсын демекпін.

Райхан қыз, кешегі Шыңғыс тауының етегінде шыр етіп дүниеге есігін ашып, ата-анасының ақ батасымен Алматыдай

алып шаһарға арман қуып, білім іздеп, өмірден өз орнымды тапсам деп келгені рас. Өмірдің ыстығы мен суығына да төзе білдің, мойыған жоқсың, оған сенің барлық жігер-күшіңнің жететіні рас. Білім саласына, оның ішінде қазақ тілінің өркендеуіне, қазақ сыныптарының ашылуына қосқан орасан еңбегің бар. Оның ішінде тәрбие саласына қосқан үлесің қаншама. Бір кабинетте отырып, талай қызықтарды бастан кешірдік. Өзің айтпақшы, Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтатын болсақ,



тәрбие саласы үздіксіз, үзіліссіз, кезек күттірмейтін сала екенін жете түсіндік, ол ешқандай ауысым мен маусымды күтпейтіні рас. Табаныңды тоздырып, таңның атысы мен батысы осы мектепте өтуде.

Ауданда, қалада, республикада өткен жарыстардың барлығына мектепті қатыстырып, оқушыларымыз бен ұстаздарымызды жүлделі етіп жатырсын. Осының барлығы сенің жауапкершілігіңнің жоғары екендігін тағы да айқындай түскен-

натын «жазғышбекпіз» ғой, сонда да жоқ демедің, ол нені меңзейді, табандылықты!

Нұр апа, осы жазуларды қысқартып, әсемдемей-ақ, жазушы боп кетсең, қысқа да нұсқа жазуға болмай ма?, - деп жатсаң да қарамаймыз, өйткені бір көйлек ерте тоздырған түрім бар, үлкендігімді жасап, қысым жасаған түрім ғой, ерке қыз, сонымен қылықтысын.

Сонымен әріптестер, мен баяндама оқып тұрған жоқпын, бұл әріптеске де-



дей. Абай атамыз: «Адамның адамшылығы жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан басталады», - дегендей, сен бұл күнде тек қана еңбекте ғана емес отбасыңда да үлгілі жансын, туыстарға жанашыр, қос ұлдың анасы, немерелерінің әжесі, келіндердің енесі, құдаларға құдағи боп отырған жайың бар. Құдай тіл-көзден сақтасын! Жақсы ұстаз, жақсы ата-ана бола білдің. Өзің айтпақшы, бүкіл әулеттің үлкені боп қалғаным соншалық, ойға да, қырға да шабуыма тура келеді деп. Сендей анасы бар ұлдарың, сендей енесі бар келіндерің, сендей апасы бар туыстарың бақытты шығар. Ешқашан да жоқ демейсің, көмек қолыңды соза білесің. Сен сонымен шыннайысың, еңбекқорсың, туысшылсың, дегенмен де саған тың көз болған жарасады (қалжың ғой). Мен жазамын, Райханға қарай лақтырамын, әріптесің, қатесін сен түзет деймін қалжындап, ол беттердің саны шіркін 5-6 парақ емес, кейде будақтаған қағаздардың саны шексіз асып ты-

ген бір үзік сыр, осындай мерейтойларда ғана айтылатыны ақиқат. Райхан ханымның профессор атасы, «жазушы ғой мына қыз» деп атақ беріп кеткен екен, енді үмкін кітапқа да кіріп қалармыз деген ниет қой. Үзік сырлар осындайда ғана келеді. Естелік боп есінде қалсын дегім келеді. Өйткені біз табаны күректтей 14 жылдан астам бірге тәрбие саласының қайнар бұлағында болдық. Қызығы мен шыжығы көп күндердің айтары көп, оның барлығын бір сәтте айтып біту мүмкін емес. Мен айтпасам, кім айтар, естелік болсын бізден саған. Тағысы тағы айтыла, жазыла жатар, бүгінгі мерейлі зейнетке шығуың құтты болсын! Райханның өзіндік салған сара жолы бар, сол жолда әрдайым дара бола білген, сара қыз!

*Шынайы тілекпен, әріптесің*  
**Нұрайса ЫСҚАҚҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы



## Ұстазға мың тағзым

*Құрметті*

*Райхан Ахметқазықызы!*

Ұстаз... Бұл сөздің өзінде қаншама мейірім, қаншама жауапкершілік жатыр. Ал сол ұлы атаққа Сіздей жанның лайық болуы – біз үшін үлкен мақтаныш.

Сізбен бірге өткен тәжірибе кезеңі мен үшін жай ғана практика емес, өмірлік сабақ болды. Сіздің сабырлы үні-ңіз, әр оқушыға деген ерекше ықыласыңыз, білімге деген адалдығыңыз – бәрі менің жүрегімде өшпестей із қалдырды. Кейде ұстаз бір ауыз сөзбен бағыт береді дейді ғой... Сіз сол бағытты жүреппен көрсете білген жансыз.

Қырық жылдан астам уақыт бойы талай шәкірттің тағдырына сәуле түсіріп, олардың болашағына жол аштыңыз. Әр шәкіртіңіз – Сіздің еңбегіңіздің тірі дәлелі. Уақыт өтсе де, Сіз берген білім мен тәрбие ешқашан өз құнын жоғалтпайды.

Ұстаздық жолыңыз – бұл тек еңбек жолы емес, бұл – ұрпақ тәрбиесіне арналған мағыналы ғұмырдың айнасы. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибеніз, білімге деген адалдығыңыз бен шәкіртке деген шексіз махаббатыңыз – бәрі бір арнаға тоғысқан құнды қазына. Бұл жол талай жас ұстазға үміт сыйлап, бағыт-бағдар беретін шамшырақ болары сөзсіз.

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр,

сарқылмас шабыт тілеймін. Шәкірттері-ңіздің шынайы алғысы мен құрметі Сізді әрдайым биіктерге жетелей берсін.

Сіздей ұстаздан тәлім алғаным – мен үшін үлкен бақыт.

*Ізгі тілекпен,  
ризашылыққа толы шәкіртіңіз  
Диляра Қайратқызы ИНАЯТ,  
Алматы қаласы*





## Райханның дара жолы

Шығыстың шынары, Семейдің жүрегі, Ақсуаттың ақ қызы, ата-анасының бақ қызы, балаларының бақыты, немерелерінің әжесі, бәрін айт та бірін айт, КазГУ-дің түлегі, №145 мектептің хас сұлуы бола білген Райхан, зейнетке шығуың құтты болсын!

Адамның жүріп өткен жолы мен бүгінгі күніне көз жіберетін болсақ, 63 жас аз да, көп те емес, дегенмен өте бір керемет шак. Айналана көз жіберіп қарасаң, осы уақыт аралығында: «Не істедім? Не бітірдім? Қандай жетістіктерге жеттім?», – деп аузыңды толтырып айтатындай жасқа келдің. Құдайға тәуба! Алла тағала бере салған қос құлыншағың бар. Бүгінде бір-бір отау иесі болып, шаңырақтың әкесі, келін түсіріп, немере сыйлады. Қуаныш деген осы емес пе?! Кешегі тұлымшағы желбіреген Ақсуаттың Райханы бүгінде немерелерінің сүйікті әжесі болып отыр. Мерейіннің өскені осы дерсің.

Адамда арман көп. Арманның шегі жоқ, дегенмен ең негізі сол ауыртпалығы мен қиыншылығы көп жылдарда ештеңеден қорықпай, құмырсқадай еңбектеніп, мойынағаштай иіліп, қара ағаштай қатып, ешнәрсеге мойымай балаларыңды жеткіздің. Бүгінде аузыңды толтырып айтатындай дәрежедесің.

Қазақ тілінің майын тамызып,

морфологияның ішек-қарнын ақтарып, жілік майын шағып, фонетиканың шамшырағын жаға білген Райхан осындай керемет маман, керемет жан, керемет әріптес.

Әріптес дегенде, кеше ғана біздің мектепке сынғырлаған күлкісімен келгенде қандай болса, қазіргі таңда да дәл сондай. Ақжарқын, ақылды, сұлу да келбетті Райхан атына заты сай, осындай жан. Әрқашан да адамның жанын түсіне білетін, қызық-қуанышына ортақ, қол үшін беруге әрдайым дайын тұрады. Ұжымына қадір-қасиетін сыйдыра білген Райхан әр мереке, жарыстардың өмірбақи әділ қазы мүшесі, «қара қылды, қақ жарып», әділ бағасын бере алатын жан. «Тура биде, туыс жоқ!», дегендей, әрдайым әділ төреші бола білді.

Ешкімнің қолынан келе бермейтін, тісі батпайтын қазақ тілінің, оның ішінде морфологияның адал қызметшісі, күні-түні көз майын тауысып, том-том дәптер тексеріп, баға қоюдан жалықпаған, қателерін тексеріп, әріптердің батасын алып, сүйікті әжесі бола білген Райхан, морфологияның МАИ қызметкері! Бір сөзбен айтқанда, әріптес Райхан қандай дегенде, осындай тізбектерді том-том қылып, жаза беруге болады. Қазақ тілі, оның ішінде морфология саласы Кіршібаева Райхан Ахметқазықызына өмір бақи қарыз-



дар шығар. Әл-Фараби атындағы №145 ЖББ мектептің қазақ тілі кабинетіне бюст қоюға әбден лайық деп ойлаймын (қалжың).

Дегенмен де, осындай қасиет тектен-тек келмейтіні анық қой. Ата-бабасынан бері, бала-шағасымен «журналист-филолог» деген үлкен жүкті арқалап келеді. Ол екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет екені мәлім. Ұлдың тұңғышы Мирас Мұқашев қазіргі таңда елордамыз Астанада қазақ телевизиясының ақпарат және коммуникация министрлігінің кеңесшісі болса, қара шаңырақтың иесі, анасының төл кенжесі Эльдар Мұқашев Алматы телеарнасында оператор-журналист қызметін атқарады. Ата-баба қанымен берілген, нағашы атасы Қытай Халық Республикасы Үрімжі университетінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген, қазақтан шыққан тұңғыш профессор, он бес кітаптың авторы Кіршібаев Ахметбек Жаппасұлынан бері келе жатқан шежірелі қаламгерлікті жалау еткен Кіршібаев, Жаппасовтар әулеті бүгінде қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген үлкен бәйтерекке айналды. Кешегі тұлымшағы желбіреген Ақсуаттың қара қызы Райхан, бүгінде құлыншақтарын ерткен үлкен ордалы әжеге айналды. Үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай білген қадірлі де, қадірменді Райхан Алматының төрінде ұлағатты ұстаз, білікті маман, «Алаш ұстазы» медалінің иегері.

Алматы қаласы, Бостандық ауданында Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміз енді тәй-тәй басып, аяғынан тік тұра бастаған сәтте алдыңғылардың бірі болып, ең алғаш қазақ мектептерін ашуға өз үлесін қосты. Сөйтіп, 1989-1990 жылдары №92 орыс мектебінен 7 баламен қазақ сыныбын ашып, сол мектептің таза қазақ мектебі болуына өз үлесін қосты. Тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылының түлектері осы мектептен түлеп ұшты. Содан бері бұл мектеп таза қазақ мектебі болды. Бұл да болса, ерен ерліктің, қажымас қайраттың, намысты қыздардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі деп білеміз.

Райхан! Бүгінде елу бестің биігіне шығып, маңдай тердің жемісін жеп отырсың. Артыңа жалтақтамай, болашағыңа нық қадам басып, орның төрден болып, ұрпақ үшін елеулі үлес қосып, қазақ елім, жерім, тілім деген қажырлы да қайратты қара қыздан, дара қызға айналдың. Ақсуаттан шыққан дара қыздардың жолдарын жалғастырып, ізгілікті еңбек етіп жатырсың, сенің өмір жолың бір дастан... Райхан деген атыңа сай, қыздардың барлығы да дәл Райхан гүліндей дарасыңдар. Жаның жамандық көрмей, жақсылықтың шуағына бөлене бер. Киелі Ақсуаттың топырағы әрқашанда жаныңның жалауы болып, Алматылық Райханға сол жусанның жұпар иісін сағындырып тұрсын. Қазақ қыздарына лайық өмір жолың кейінгі ұр-



паққа үлгі өнеге болсын демекпін. Ұрпақ тәрбиесінде қарапайымдылықтың өмір жолының өзіндік дара жолы болатынына, кейінгі ұрпақтың сенімділіктері жоғары болсын.

Қыздың да өз жолы, өз махаббаты, өз дүниетанымы болатынын сенің жолыңнан көре білсін. Үлгі-өнеге кейінгі ұрпаққа сен сияқты қара қыздан тарай берсін демекпін. Дара болып, дана болып ешкім ата-анасынан туа қалмайды. Оны дара да, дана да қылатын өмір жолы мен еңбек жолы.

Осы тұста өзің айтып берген бір оқиға есіме түсіп кетті де, өзім соншалықты толқығаным сондай не деген керемет ерлік деп топшыладым, туғанынан көрмеген жақсылықты пәтер жалдап тұрып жатып, сол қарапайым «қара кемпірге» деген құрметтерің мені қатты толқытты. Өздерің пәтерде тұрып жатып, ешкімнің қарауынсыз қалған қарт әже мен көрші болып, тіпті өз туғанына да керексіз, сендердің жылуларыңа бөленіп, алғысын алыпсындар. Бұл керемет таңқаларлық оқиға. Әженің түнде: «Үйдің қабырғасын қағатын болсам, тез келулерінді өтінемін», дегені сендерді өз баласындай жақсы көргені де. Сөйтіп, өз қолдарыңмен арулапсындар, сол әженің ақ батасы сендерге тиіп жатқан шығар.

Ендеше, үлгі-өнеге бола білген өмір жолыңдағы тәжірибең жастарға сабақ болсын. Ұстаз деген ерен еңбектің иесін сенің бойың-

нан көре білсін демекпін. Том-том кітаптан, том-том дәптерден, том-том жазылған сабақ жоспарлары саған тек жақсылық болып, шуағын шаша берсін. Шәкірттерің сені қыл қалам мен әріптердің, қалай сені жақсы көретінін танып білсін. «Диктанттар жинағы», «Қатемен жұмыс», «Сиқырлы қалам», «Фонетикалық талдау» «Морфологиялық талдау», «Синтаксистік талдау», «Сөздікпен жұмыс» – Райхан апайға қарыздармыз деп ойлайтын шығар. Білім министрлігі қимаған, кеудесіне тақпаған ордендер мен медальдар мыңдаған шәкірттеріңнің алғысы болып құйылсын. «Алтын күміс тас екен, арпа бидай ас екен», - демекші көптің алғысын біз саған таққан орденді сөздер мен марапат болып, кеудеңе тағыла берсін. Ұрпағыңның алдынан шықсын. Мерейтойың құтты болсын! Алланың назарында, бақыттың базарында бол!

*Еңбекпенен жеттің асқақ мұратқа,*

*Төзе білдің қиыншылық, сынаққа,  
Тұнып тұрған мейірімге жүрегің,  
Лайықтысың ұстаз деген ұлы атқа.*

*Ізгі тілекпен әріптесің*  
**Н.И. ТЛЕБОЛДИНОВА,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі.  
Алматы қаласы



## Чунетов Айдын Мавлетканович: полвека служения Родине, чести и долгу

В судьбе каждого народа есть люди, чья жизнь становится примером истинного служения Отечеству. Их путь — это не просто череда биографических фактов, а история преданности, ответственности и внутренней силы. К числу таких людей относится заместитель начальника Института военного дела АО «АЛТ Университет имени Мухамеджанова Тынышпаева» Чунетов Айдын Мавлетканович, полковник запаса, магистр технических наук — офицер, ученый, инженер и отец большой семьи, человек, чья судьба тесно связана с историей и современностью независимого Казахстана. В мае 2026 года Айдын Чунетов отметил знаменательный юбилей — 50 лет со дня рождения. Полвека жизни, наполненной трудом, службой и верностью избранному пути.

### **Родом из села Көктал**

Будущий офицер и ученый родился в живописном и стратегически важном уголке Жетісу — в селе Көктал Панфиловского района. Эта земля, омываемая богатой историей Семиречья, издревле считалась золотой колыбелью традиций и трудолюбия. Расположенный в самом сердце края, Көктал является не просто населенным пунктом, а местом, где переплетаются великое прошлое Шелкового пути и динамичное нас-



тоящее современного Казахстана.

Именно здесь, среди бескрайних просторов и гор Жетісу, формировался характер Айдына Чунетова. Атмосфера этого края, известного своими гостеприимными людьми и духом истинного патриотизма, заложила фундамент его жизненных ценностей: чести, верности долгу и глубокого уважения к родной земле.

**Начало пути — инженерное дело и военная кафедра**

Жизненный путь Айдына Чунетова — это путь человека, который



сознательно посвятил себя профессиональному развитию и защите государственных интересов. Его дорога в профессию началась со студенческих лет, когда он обучался в Политехническом институте имени В.И. Ленина (ныне КазННТУ им. К. Сатпаева) на инженера автоматизированных систем управления.

Именно тогда формировались его взгляды на дисциплину, точность и долг перед государством. С первых шагов в деле Айдын проявлял ответственность, организованность и глубокое понимание роли специалиста в обществе. Для него служба никогда не была лишь профессией. Она стала призванием и смыслом жизни. Постепенно, шаг за шагом, он прошел долгий и непростой путь профессионального становления.

### **Служение в рядах Вооруженных Сил**

Военная служба – это особый путь, требующий стойкости, мужества и самоотдачи. На протяжении 25 лет Айдын Чунетов добросовестно исполнял свой воинский долг в рядах ВС РК, оставаясь верным присяге и офицерской чести. Его служба проходила в разные периоды становления и укрепления казахстанской армии. Это было время, когда формировались новые традиции, совершенствовалась система подготовки кадров, укреплялась обороноспособность государства.

За годы службы он проявил себя как грамотный специалист, дис-

циплинированный офицер и справедливый руководитель. О масштабе его ответственности говорит тот факт, что в должности начальника автомобильной службы части в его подчинении находилось более 300 военнослужащих личного состава и 250 единиц военной техники и ремонтные подразделения. За долгую безупречную службу он прошел много воинских должностей. На заслуженный отдых он ушел с должности заместителем командира по материально-техническому обеспечению в Военно-инженерном институте радиоэлектроники и связи МО РК, что стало символом признания его многолетнего труда и верности воинскому долгу.

### **Наука и техническое образование**

Особое место в жизни Айдына Чунетова занимает образование и научная деятельность. Стремление к развитию привело его в магистратуру Международного гуманитарного транспортного университета (МГТУ). Его научная специализация – технические науки. Это направление требует не только глубоких знаний, но и умения передавать накопленный опыт новым поколениям.

12 июня 2024 года он успешно защитил диссертацию, став магистром технических наук. Для него наука – это важный инструмент совершенствования профессиональных навыков и понимания современных технологий.



### **Работа с техникой и воспитание специалистов**

В рядах Вооруженных Сил Айдын Чунетов занимался одной из самых ответственных сфер – подготовкой технических кадров. В качестве преподавателя он готовил водителей тяжелых тягачей, дизелистов-автоэлектриков и крановщиков. Именно качественная подготовка специалистов формирует техническую мощь армии.

Айдын Чунетов уделял большое внимание не только практике, но и нравственному воспитанию подчиненных. Его подход основывался на уважении к традициям, личном примере и постоянном диалоге. Он умел слушать людей, поддерживать их и направлять в сложных жизненных и служебных ситуациях.

### **Семья – надежный тыл**

За плечами каждого настоящего мужчины всегда стоит семья – источник силы, поддержки и вдохновения. Айдын Чунетов является прекрасным семьянином, воспитывающим троих дочерей и уже стал дедушкой. Воспитывать семью – это особая ответственность и большое счастье.

В доме Чунетовых царят уважение и любовь. Для своих детей Айдын является примером трудолюбия, честности и преданности выбранному делу. Его жизненный путь учит тому, что успех достигается настойчивым трудом и верностью принципам.

### **Новая миссия – инженерная педагогика**

После завершения военной службы Айдын Чунетов не отошел от своей главной миссии – служения государству и воспитания будущих защитников Родины. Сегодня он продолжает свою педагогическую деятельность в Институте военного дела АО «АЛТ Университет имени Мухамеджана Тынышпаева» в должности заместителя начальника Института военного дела – начальник учебной части.

Здесь он передает свои знания и опыт профессорско-преподавательскому составу института военного дела и студентам. Будущие специалисты получают от него не только теоретические знания, но и живой опыт реальной службы. Для студентов он является наставником – человеком, который помогает сформировать чувство патриотизма и ответственности перед государством и народом.

### **Полвека достойной жизни**

Пятидесятилетний юбилей – это важный рубеж, позволяющий оглянуться на пройденный путь и оценить результаты многолетнего труда. Для Айдына Чунетова этот путь наполнен служением Родине, научной деятельностью и заботой о семье.

Его жизнь – пример того, как человек может гармонично сочетать военную службу, техническое творчество и семейные ценности. Такие люди формируют духовную



основу общества. Айдын Мавлетканович Чунетов относится к категории людей долга, чести и ответственности.

И сегодня он продолжает оставаться активным участником образовательной жизни, делясь знаниями, воспитывая молодежь и укрепляя традиции казахстанской армии. Пусть впереди будет еще много лет плодотворной работы, новых

достижений и семейного благополучия.

**Болат Калхайулы КУДАБАЕВ,**  
подполковник запаса, доктор PhD,  
начальник цикла «Боевого  
обеспечения»

Института военного дела  
АО «АЛТ Университет имени  
Мухамеджана Тынышпаева»,  
г. Алматы



## *Чунетов Айдын Мавлетканович: ел сенімін ақтаған абзал жан*

Отанға адал қызмет етіп, ел игілігі жолында еңбек еткен тұлғалардың бірі – «М. Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ Әскери іс институты бастығының орынбасары, запастағы полковник, техника ғылымдарының магистрі Чунетов Айдын. Оның өмір жолы әскери антқа адалдықпен, кәсіби жауапкершілікпен және ғылыми ізденіспен тығыз байланысты. Бұл мақалада А.М. Чунетовтың әскери және кәсіби қызметі, сондай-ақ Қазақстанның қорғаныс саласы мен әскери білім беру жүйесіне қосқан үлесі қарастырылады.

**Туған жері – Көктал ауылы.**

Чунетов Айдынның балалық және жастық шағы Жетісу өңіріндегі табиғаты көркем, тарихи-мәдени құнды-





лықтарға бай Көктал ауылында өтті. Туған жердің еңбекқор ортасы, ұлттық дәстүрлері мен рухани тәрбиесі оның мінезінің қалыптасуына үлкен әсер етті. Ерте жастан тәртіпке, төзімділікке және жауапкершілікке бейімделген ол, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті өмірлік ұстанымына айналдырды. Көктал топырағында қалыптасқан осы құндылықтар оның кейінгі әскери және кәсіби жолының берік негізіне айналды.

**Қызмет жолының бастауы – инженерлік іс пен әскери кафедрадағы даярлық.**

Чунетов Айдын Мавлеткановичтің кәсіби қалыптасу жолы студенттік кезеңнен бастау алады. Ол В.И. Ленин атындағы Политехникалық институтта (қазіргі Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) автоматтандырылған басқару жүйелері инженері мамандығы бойынша білім алды. Осы жылдары оның бойында тәртіпке, дәлдікке және мемлекет алдындағы жауапкершілікке деген берік ұстаным қалыптасты. Оқу барысында ол тиянақты, жауапкершілігі жоғары әрі ұйымдастырушылық қабілеті дамыған маман ретінде көзге түсті. Инженер мамандығының қоғамдағы маңызын терең түсіну оның кәсіби дүниетанымының негізіне айналды. Чунетов Айдын үшін қызмет ету тек мамандық емес, өмірлік ұстаным мен азаматтық миссия болды.

**Қарулы Күштер қатарындағы қызмет.**

Чунетов Айдын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында 25 жыл қызмет етіп, әскери ант пен офицерлік ар-намысқа адал болды. Оның әскери жолы Қазақстан армиясының қалыптасу және нығаю кезеңдерімен тұспа-тұс келді. Қызмет барысында ол білікті маман, тәртіпті офицер және жауапты басшы ретінде танылды. Әскери бөлімнің автомобиль қызметі бастығы ретінде 300-ден астам әскери қызметші мен 250-ге жуық әскери техниканы басқарды. Бұл жоғары ұйымдастырушылық қабілет пен басқарушылық тәжірибені талап ететін жауапты қызмет болды. Ұзақ жылғы мінсіз қызметінің қорытындысы ретінде ол әскери мансабын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі командирдің орынбасары лауазымында аяқтады.

**Ғылым және техникалық білім.**

Чунетов Айдынның өмірінде білім мен ғылым ерекше орын алады. Үздіксіз даму мен кәсіби жетілуге ұмтылысы оны Халықаралық гуманитарлық көлік университетінің магистратурасына алып келді. Оның ғылыми бағыты техникалық ғылымдар саласымен байланысты болды. 2024 жылдың 12 маусымында ол магистрлік диссертациясын сәтті қорғап, техника ғылымдарының магистрі дәрежесін иеленді. Бұл жетістік оның көпжылдық еңбегі мен табанды ізденісі-



нің нәтижесі болды. Чунетов Айдын ғылымды кәсіби шеберлікті жетілдірудің, заманауи технологияларды меңгерудің және әскери-техникалық саланы дамытудың маңызды құралы ретінде қарастырады.

**Техникамен жұмыс және мамандарды тәрбиелеу.**

Чунетов Айдын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында техникалық кадрларды даярлау ісіне елеулі үлес қосты. Оқытушы ретінде ауыр жүк көліктерінің жүргізушілерін, дизельші-автоэлектриктерді және кран машинистерін даярлап, әскери-техникалық мамандардың кәсіби қалыптасуына ықпал етті. Ол оқу барысында тек кәсіби білім берумен шектелмей, әскери қызметшілердің рухани-адамгершілік тәрбиесіне де ерекше мән берді. Әріптестері мен шәкірттері арасында тәжірибелі басшы, әділ тәлімгер және қолдау көрсете білетін ұстаз ретінде құрметке ие болды.

**Жаңа миссия – инженерлік педагогика.**

Әскери қызметтен кейін Чунетов Айдын мемлекетке қызмет ету мен жас ұрпақты тәрбиелеу ісін жалғастырды. Қазіргі таңда ол «Мұхамеджан Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ Әскери іс институтында оқу ісі жөніндегі бөлім бастығы және институт бастығының орынбасары қызметін атқарады. Бұл қызметте ол өзінің әскери тәжірибесі мен кәсіби білімін студенттерге жүйелі түрде жеткізіп келеді. Чунетов Айдын сту-

денттер үшін тек оқытушы ғана емес, сонымен қатар отансүйгіштікке, жауапкершілікке және әскери қызметке деген құрметке тәрбиелейтін тәлімгер ретінде танылған.

**Абырой мен еңбектен өрілген ұзақ ғұмыр.**

Елу жылдық мерейтой – өмір жолын қорытындылап, атқарылған еңбектің нәтижесін бағалауға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Чунетов Айдын үшін бұл ғұмыр Отанға қызмет, ғылыми ізденіс және отбасылық жауапкершілікпен сабақтасқан мазмұнды жол ретінде сипатталды. Оның өмірлік ұстанымы әскери қызмет, техникалық даму және отбасылық құндылықтарды үйлестіре білуімен ерекшеленеді. Чунетов Айдын Мавлетканович ар-намыс, борыш және жауапкершілік қағидаларын берік ұстанған тұлға ретінде қалыптасты. Бүгінде ол білім беру саласында белсенді қызмет атқарып, жинақтаған тәжірибесін жас ұрпақ тәрбиесіне және Қарулы Күштер дәстүрлерін нығайтуға арнауда. Алда оны жаңа жетістіктер мен табысты еңбек жолы күтіп тұр.

**Данияр Мұратұлы ЗАГИТОВ,**  
запастағы полковник, техника  
ғылымдарының  
магистрі, «М. Тынышпаев атындағы  
АЛТ университеті» АҚ Әскери іс  
институтының «Арнайы пәндер»  
цикл бастығы.  
Алматы қаласы



# Қытай халық дәстүрлі қағаз қию өнері арқылы бастауыш сынып оқушыларының көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру: пәнаралық интеграция тәжірибесі

## Андатпа

Зерттеу мақсаты – бастауыш білім беруде қағаз қию өнерін оқытудың кешенді үлгісін ұсыну. Төрт кезеңнен тұратын оқу блогы (тарихы, таңбалары, техникасы, тұрмыста қолдану) әзірленді. Нәтижесінде оқушылар ұлттық мәдени мұраны терең түсініп, оны шығармашылықпен күнделікті өмірде пайдалана алатыны дәлелденді. Ұсынылған тәсіл дәстүрлі қолөнерді оқыту бағдарламасына кіріктірудің тиімді жолын көрсетеді.

**Түйінді сөздер:** Дәстүрлі мәдениет; Бейнелеу өнері; Қағаз қию; Пәнаралық байланыс; Ірі бірлік дизайны, Бағалау.

## Кіріспе

Жаһандану үдерістері тереңдеген сайын білім беру саласы күрделі сын-қатерлерге тап болуда. Бір жағынан, әлемдік стандарттарға сай бәсекеге қабілетті маман даярлау міндеті тұрса, екінші жағынан, ұлттық болмыс пен мәдени ерекшелікті сақтап қалу қажеттілігі артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп бағдарламасына дәстүрлі қолөнер түрлерін енгізу ерекше мәнге ие. Атап айтқанда, қытай халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы – қағаз қию өнері (Цзяньчжи) оқушылардың тек ұсақ моторикасын дамытып қана қоймай, олардың эстетикалық сезімін байытып, философиялық ойлау қабілетін

ұштайды. Бұл жұмыстың мақсаты – 4-сыныпқа арналған «Мәдениет ұрпақ сабақтастығында: Қағаз қию өнері» атты тақырыптық блогы негізінде, ірі дидактикалық бірліктер әдісінің оқу үдерісін ұйымдастырудағы тиімділігін дәлелдеу және оның оқушылардың көркемдік құзыретіне тигізетін ықпалын бағамдау.

## Негізгі бөлім

Зерттеу жұмысын жүргізу үшін құрылымдық-функционалдық талдау тәсілі тандалып алынды. Осы әдіс арқылы ұсынылған сабақ жоспарының мазмұндық толықтығы мен әдістемелік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Оқу бағдар-



ламасын жобалаудағы қазіргі ғылыми тұжырымдар жетекшілікке алынды. Мәселен, Цуй Юнхуо өз зерттеуінде пәндік түйінді құзыреттерді қалыптастыру үшін материалды бытыраңқы тарауларға бөлмей, керісінше «ірі бірліктерге» шоғырландыру қағидатын ұсынады [1]. Біздің жұмысымызда қарастырылған оқу блогы осы ұстанымға толық сәйкес келеді. Аталмыш жүйе төрт өзара байланысқан сабақтан (өнердің шығу тегі, символдық тіл, техникалық дағды, кешенді көрініс) құралып, оқушылардың материалды тұтас қабылдауына жол ашады.

Ұсынылған сабақтар топтамасын саралай келе, бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады. Біріншіден, бұл бағдарлама бейнелеу өнері пәнінің табиғатын айқын көрсетеді. Инь Шаочунь өз еңбегінде өнер сабағының өзге пәндерден басты айырмашылығы – «визуалды бейнені сезіну, ұғыну және жаңадан жасау» екенін атап өтеді [2, 81-б.]. Қарастырылып отырған сабақтарда балалар дайын трафареттерді қайталаушылар ғана емес, өзіндік дербес көркемдік ізденістерге талпынған белсенді тұлғалар ретінде сипатталады. Екіншіден, тапсырмалар мазмұны пәнаралық байланыстың озық үлгісін көрсетеді. Мұнда тарихи деректер, әдеби сюжеттер және заманауи технология элементтері өзара тоғысады. Мұндай кешенді

тәсіл Жапония мен Қытайдың көркем білім беру тәжірибелерін салыстырмалы түрде зерттеген ғылыми жұмыстарда жоғары бағаланған [3].

Алғашқы сабақ барысында білім алушылардың визуалды ойлау қабілетін ояту мақсаты көзделеді. Ол үшін әр түрлі символдық мәнге ие қағаз қию композицияларын сәйкестендіруге арналған арнайы жаттығу ұсынылған. Бұл әдістемелік тәсіл балаларға халық шығармашылығы туындыларының тек сыртқы көрінісін ғана емес, олардың терең қабаттарында жатқан мәдени астарларды түсінуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, білім жетістіктерін бағалау жүйесі де заман талабына сай құрылымдалған. Айталық, оқушылардың үлгерімін анықтауда тек қорытынды бақылау нәтижелері ғана емес, сонымен бірге ағымдағы оқу үдерісіндегі белсенділігі де (жалпы бағаның 60%-ы) есепке алынады. Мұндай ұстаным Цзи Людің дене тәрбиесі пәні бойынша ұсынған «үдеріс пен нәтиженің ажырамас бірлігі» қағидасымен толық үйлеседі [4].

Бұл педагогикалық дизайнның өзгеше тұсы – бағалау өлшемдерінің нақты өмірлік мақсаттармен сабақтастығы. Чжоу Вэнье өз зерттеуінде шынайы бағалау деп «оқушының табиғи контекстегі күрделі міндеттерді шешуге деген ұмтылысын» атайды [5]. Талданып отырған жос-



пардың төртінші сабағы осы талапқа сай әзірленген. Сабақта оқушыларға қағаз қию элементтерін пайдалана отырып, сыйлық қораптарын немесе күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды (қалам сауыт, блокнот мұқабасы) көркемдеу ұсынылады.

Төменде келтірілген суретте оқушылардың шығармашылық ізденісіне бағыт-бағдар беретін үлгі жұмыстардың нұсқалары көрсетілген. Мұндай иллюстрациялық материал балалардың креативті ойлауына тың серпін береді.



1-сурет. Қағаз қию үлгілері мен олардың символдық мағынасын сәйкестендіру тапсырмасы



2-сурет. Қағаз қиюдың заманауи өмірдегі қолданысы: сыйлық қораптары мен кеңсе керек-жарақтарын безендіру үлгілері



Аталған әдістеме арқылы балалар өнердің тек көрме залдарына тән абстрактілі ұғым емес, адам өмірінің ажырамас бөлшегі екенін түйсінеді. Соның нәтижесінде жас ұрпақ өткен дәуір мұрасына тек көне жәдігер ретінде емес, бүгінгі күннің белсенді мәдени элементі ретінде қарау дағдысын игереді.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, «Мәдениет ұрпақ сабақтастығында: Қағаз қию өнері» тақырыптық блогы ұлттық құндылықтарды заманауи білім мазмұнына кіріктірудің сәтті тәжірибесін көрсетеді. Жобаны әзірлеуде қолданылған ірі бірліктер дизайны, пәнаралық кірігу тәсілі және өмірлік жағдаяттарға негізделген бағалау жүйесі оқушылардың тек техникалық шеберлігін арттырып қана қоймай, ұлттық болмыс пен көркемдік дүниетанымын қалыптастыруға да ықпал етеді. Бұл зерттеу нәтижелері білім беру саласының теоретиктері мен тәжірибелі ұстаздар қауымы үшін құнды әдістемелік нұсқау бола алады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Цуй Юнчао. Пәндік негізгі құзыреттер ірі бірлік дизайнын талап етеді // Алғы сөз. – Б. 1.

2. Инь Шаочунь. Көркемөнер курсының сипаты мен ерекшеліктері // Пән курсы және оқыту. – 2015. – №5. – Б. 81-86.

3. Жао Дань. Қытай мен Жапонияның көркем білім беру жүйесін салыстырмалы зерттеу – дәстүрлі мәдениетті өзек еткен оқу бағдарламасы теориясы мен оқыту тәжірибесі: филос. док. ... дисс. – Шанхай: Шығыс Қытай педагогикалық университеті, 2018. – Б. 87-154.

4. Цзи Лю. Қытайдың «Міндетті білім беру дене шынықтыру және денсаулық стандарты (2022 ж. ред.)» түсіндірмесі // Дене шынықтыру ғылымы. – 2022. – Т. 42, №5. – Б. 3-17.

5. Чжоу Вэнье. Нәтижелі бағалау: терең оқытуға бағыттау // Пән курсы және оқыту. – Б. 1.

**М.Д. МУРЗАГУЛОВА,**  
**Әл-Фараби атындағы**  
**Қазақ ұлттық университеті**  
**Педагогика және білім беру**  
**менеджменті**  
**кафедрасының аға оқытушысы.**  
**Цзи ЯЦЗЕ,**  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық**  
**университеті**  
**«7М04134 – Педагогика.**  
**Білім берудегі менеджмент»**  
**білім беру бағдарламасының**  
**1-курс магистранты.**  
**Алматы қаласы**



# Жоғары оқу орны оқытушыларының эмоцияларының кәсіби дамуға әсері: әдеби шолу

## Андатпа

Мақалада жоғары оқу орны оқытушыларының эмоцияларының олардың кәсіби даму траекториясына ықпалы қарастырылады. Тоғыз ғылыми дереккөзге сүйене отырып, жағымсыз күйлердің кәсіби қажу мен тоқырауға, ал жағымды толғаныстар мен жоғары өзіндік тиімділіктің төзімділік пен мансаптық өсуге жол ашатыны анықталды. Жас оқытушылар кәсіби бейімделу кезеңінде ерекше эмоциялық қиындықтарға тап болып, бұл олардың ұзақмерзімді мансаптық ұстанымын айқындайды. Зерттеу қорытындысы бойынша жоғары мектеп педагогтарын даярлау және олардың кәсіби дамуын қолдау ісіне қатысты ұсыныстар беріліп, болашақ зерттеулердің бағам бағыттары белгіленген.

**Түйін сөздер:** Оқытушы эмоциялары; Кәсіби даму; Кәсіби қажу; Өзіндік тиімділік; Кәсіби бірегейлік; Жоғары білім.

## Кіріспе

Жоғары оқу орындарының оқытушылары күн сайын күрделі эмоциялық күйлерді бастан кешіреді. Бұл сезімдер олардың дәріс оқу мәнері, студенттермен қарым-қатынасы және ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген ынтасының ажырамас бөлігіне айналған. Харгривз (Харгривз, 2000) оқыту үдерісін «эмоциялық тәжірибе» деп сипаттап, бұл пікір кеңінен таралғанымен, оның университет оқытушыларының ұзақмерзімді мансаптық

өрлеуіне, әсіресе, ғылыми атақ алу, жарияланым белсенділігі және кәсіби қажу сияқты көрсеткіштерге ықпалы әлі де терең зерттелмеген. Оқытушының кәсіби өсуіне қатысты дәстүрлі үлгілер көбінесе пәндік құзыреттілік пен әдістемелік шеберлікке мән беріп, эмоциялардың рөлін елеусіз қосалқы құбылыс ретінде қарастырып келді (бұл сын Елерт және басқалар, 2025 еңбегінде келтірілген).

Осы шолу мына сұраққа жауап іздейді: Оқытушының эмоциялық



күйі оның университеттегі мансаптық траекториясына қалай әсер етеді? Қолда бар ғылыми деректерді жинақтай отырып, мақала эмоциялар мен жоғары мектептегі кәсіби өсу арасындағы байланысты айқындап, оқытушылардың кәсіби дамуын қолдауға қатысты нақты ұсыныстар беруді мақсат тұтады.

### **Шолудың әдіснамалық негізі**

Бұл жұмыс баяндау сипатындағы әдеби шолу әдісімен орындалды. Талдау 2000-2025 жылдар аралығында жарияланған тоғыз негізгі зерттеуге негізделеді. Олардың қатарында эмпирикалық еңбектер де, тұжырымдамалық талдаулар да бар. Аталған дереккөздердің бір бөлігі бастапқыда мектеп мұғалімдеріне бағытталғанымен, оларда сипатталған эмоциялық механизмдер – әсіресе, эмоциялық сарқылу, өзіндік тиімділік және кәсіби бірегейлік мәселелері – жоғары оқу орны контекстінде де жоғары өзектілікке ие. Сондықтан аталған зерттеулердің тұжырымдары университет оқытушыларының кәсіби даму ерекшеліктерін түсіну үшін сыни тұрғыдан бейімделіп пайдаланылды.

### **Оқытушы эмоцияларының теориялық негіздері**

Эмоциялар – құрамында бірнеше құрамдас бөлігі бар күрделі жан құ-

былысы. Френцель және әріптестері (Френцель және басқалар, 2021) оларды «орталық жүйке жүйесі мен шеткі физиологиялық әрекеттердің өзара үйлескен, бірізді үлгілері... адамның субъективті күйзелісіне ұласатын» деп сипаттайды. Мұндай көзқарас эмоцияның тек ішкі сезімдерден ғана емес, сонымен бірге тәндік және уәждемелік құрамдас-тардан да тұратынын көрсетеді.

Жағдаяттық эмоциялар (қысқа уақытқа созылатын, мәселен, дәріс кезіндегі техникалық ақаудан туындаған ашу) мен тұрақты эмоциялар (әдетке айналған бейімділік, айталық, ғылыми мақала жариялау алдындағы үнемі мазалайтын үрей) арасында айқын шек бар (Френцель және басқалар, 2021). Екі деңгей де өзекті: күнделікті жағдаяттық күйлер жұмысқа деген көңіл толу сезіміне ұласса, тұрақты эмоциялық бейімділік оқытушыны ұзақ жылдар бойы кәсіби қажуға душар етуі ықтимал.

Оқытушы эмоциялары әлеуметтік-кәсіби аяда тамыр тартады. Йи (Йи, 2023) зерттеуінде ұсынылған эмоция көздерінің жіктемесі жоғары білім беру жүйесіне бейімделе қолданылды. Осыған сәйкес, университет оқытушыларының жағымсыз күйлерінің үш басты қайнары бөліп көрсетіледі: студенттермен өзара әрекеттесу (мысалы, ынтасыздық, үлгерімнің төмендігі), әріптестер арасындағы қатынас (ғылыми



гранттар үшін бәсекелестік, кафедра ішіндегі шиеленіс) және әкімшілік басқару органдары (шамадан тыс бюрократиялық жүктеме, әділетсіз бағалау критерийлері). Бұдан бөлек, Лю (Лю, 2023) ұсынған кәсіби қажудың үш өлшемді үлгісі — эмоциялық сарқылу, тұлғасыздану және төмен жеке жетістік сезімі — университет оқытушысының мансабына әсер ететін жағымсыз эмоциялық спектрді түсіну үшін сенімді негіз бола алады. Джи және әріптестері (Джи және басқалар, 2022) атап өткендей, жас мамандардың кәсіби қалыптасу кезеңінде жағымды көңіл-күйлер азайып, жағымсыздары арта түсу тенденциясы байқалады, бұл заңдылық университет қабырғасындағы оқытушылық қызметтің алғашқы жылдарында да айқын көрініс табады.

### **Кәсіби дамуға әсер ету механизмі**

#### **1. Жағымсыз эмоциялар, кәсіби қажу және жұмыстан кету ниеті**

Үздіксіз бастан кешірілетін жағымсыз күйлер кәсіби қажуда шешуші рөл атқарады. Лю (Лю, 2023) эмоциялық сарқылуды кәсіби қажудың өзегі әрі алғашқы сатысы ретінде бағалайды. Жоғары оқу орны контекстінде бұл сарқылу оқытушының зерттеу жұмыстарына деген ынтасының төмендеуінен, аудиториямен тиімді байланыс орнату қабілетінің әлсіреуінен және ғылыми

өнімділіктің азаюынан байқалады. Бұл үдеріс тұлғасыздануға (студенттер мен әріптестерге немқұрайлы қарау) және кәсіби жетістік сезімінің жойылуына алып келеді. Йи (Йи, 2023) түсіндіргендей, жағымсыз күйлерді ұдайы тежеу психологиялық ресурстарды тауысып, кәсіби әдептен тыс әрекеттердің (мысалы, ғылыми жосықсыздық, әріптестер арасындағы қақтығыс) ықтималдығын арттырады. Оның деректері бойынша, студенттер, әріптестер мен әкімшілік тарапынан туындаған жағымсыз эмоциялар оқытушылардың кәсіби беделіне нұқсан келтіретін мінез-құлық үлгілерін айтарлықтай дәрежеде болжайды, бұл өз кезегінде мансаптық өрлеуді тежейді немесе жұмыстан кету ниетін күшейтеді.

#### **2. Жағымды эмоциялар, өзіндік тиімділік және бірегейлік**

Жағымды күйлер мен сенімдер кәсіби өсуді жеделдетеді. Өзіндік тиімділік — «белгілі бір тапсырманы сәтті орындай алу қабілетіне деген сенім» (Рич және басқалар, 2021) — маңызды психологиялық ресурс саналады. Рич пен әріптестерінің (2021) зерттеуі мектеп мұғалімдеріне бағытталғанымен, ондағы үздіксіз кәсіби дамудың өзіндік тиімділікті арттыруға ықпалы туралы тұжырым университет оқытушылары үшін де аса өзекті. Ғылыми тағылымдамадан өту, жаңа оқыту технологияла-



рын меңгеру немесе халықаралық жарияланым жасау сияқты кәсіби өсу шаралары оқытушының өз құзыретіне деген сенімін нығайтып, табандылығын арттырады. Ченг (Ченг, 2021) жағымды эмоциялар оң кәсіби бірегейлікті қалыптастыратынын, ал жағымсыз сезімдер қалыптасқан өзіндік ұғымдарға қауіп төндіретінін алға тартады. Университет оқытушысы ғылыми жаңалық ашқанда, гранттық қаржыландыру ұтып алғанда немесе студенттері жоғары нәтиже көрсеткенде, оның кәсіби болмысы нығайып, академиялық қоғамдастыққа деген адалдығы арта түседі.


### **3. Жас оқытушы үшін бейімделу кезеңінің шешуші мәні**

Университеттегі оқытушылық қызметке алғаш араласу – «тәжірибелік екпінмен» сипатталатын сыни эмоциялық кезең. Джин және басқалар (Джин және басқалар, 2021) теориялық даярлық пен нақты кәсіби орта арасындағы алшақтық жас мамандардың көңілін қалдырып, жұмыстан кетуіне себеп болатынын атап өтеді. Жоғары білім беру жүйесінде бұл екпін, әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын жоғары талаптар, жарияланым қысымы және оқытушылық жүктеменің ауырлығы салдарынан күшейе түседі. Тәжірибелі әріптестер (менторлар) тарапынан көрсетілетін қолдау тек әдістемелік бағыт-бағ-

дар ғана емес, сонымен бірге эмоциялық жігерлендіру арқылы аталған күйзелісті жұмсартады. Сунь мен Чжан (Сунь және Чжан, 2024) сипаттаған жағдай жоғары мектеп үшін де тән: алғашқы жылдары жұмыс істеген оқытушылар қатты эмоциялық сарқылуға ұшырағанымен, қолдау көрсететін кафедра ұжымы мен салауатты академиялық ортаның арқасында бұл қиындықтарды жеңіп, кәсіби тұрғыдан қалыптаса алады.

### **4. Кері байланыс әсерлері және академиялық экожүйе**

Френцель және басқалар (2021) оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестік эмоциялық күйлердің тұрақты алмасуына негізделетінін атап көрсетеді. Университет аудиториясында студенттердің ынтасы, белсенділігі және кері байланысы оқытушының сабақ барысындағы көңіл-күйіне тікелей әсер етіп, жағымды сезімдерді күшейтеді немесе жағымсыздарын ушықтырады. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу саласындағы жетістіктер (мақаланың қабылдануы, гранттың бекітілуі) немесе сәтсіздіктер (қолжазбаның қабылданбауы) оқытушының ұзақмерзімді кәсіби уәждемесі мен мансаптық траекториясына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл жоғары білім беру саласындағы эмоциялардың жүйелі табиғатын айғақтайды.



1-сурет. Оқытушы эмоциялары мен кәсіби дамудың тұжырымдамалық моделі

### Тұжырымдар мен болашақ зерттеу бағыттары

Жоғары оқу орны оқытушыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру ісі сезім саласын да назардан тыс қалдырмауы тиіс. Елерт пен әріптестері (Елерт және басқалар, 2025) эмоцияларды кәсіби даму бағдарламаларының құрылымына енгізуді ұсына отырып, көңіл-күйлер «кәсіби өсудің әрбір құрамдас бөлігіне әсер ете алады және солар тарапынан әсер алады» деген пікір білдіреді. Қажетті шаралар қатарына эмоциялық рефлексия дағдыларын дамыту, кафедра ішінде қолдау көрсететін орта құру (Сунь және Чжан, 2024) және жас оқытушыларға арналған жекелендірілген менторлық бағдарламаларды енгізу жатады.

Келешек зерттеулер бірқатар кем-

шіліктің орнын толтыруға тиіс. Біріншіден, оқытушы эмоцияларын зерттеуде өзіндік есеп беру әдістеріне шектен тыс тәуелділік байқалады; алдағы уақытта академиялық ортадағы күйзелістерді объективті бағалау үшін бақылау және физиологиялық өлшеу әдістерін қолдану қажет (Френцель және басқалар, 2021). Екіншіден, эмоциялар мен мансаптың әр түрлі кезеңдерде (ассистенттен профессорға дейін) қалай бірге өзгередінін бақылау үшін лонгитюдтік зерттеу жобалары талап етіледі (Джи және басқалар, 2022). Үшіншіден, ғылыми қызметтегі сәтсіздіктерден (мақаланың қабылданбауы, гранттан бас тарту) туындайтын кәсіби қажуды азайтудағы нақты эмоциялық реттеу тәсілдерінің рөлі тереңірек зерттеуді қажет етеді (Йи, 2023).



### Қорытынды

Жоғары оқу орны оқытушысының көңіл-күйі оның кәсіби дамуы мен академиялық өнімділігі үшін аса маңызды фактор болып табылады. Реттелмеген жағымсыз эмоциялар кәсіби қажуға, ғылыми өнімділіктің төмендеуіне және жұмыстан кету ниетінің күшеюіне апарады. Ал жағымды толғаныстар мен жоғары өзіндік тиімділік төзімділікті арттырып, кәсіби бірегейлікті нығайтады және ұзақмерзімді мансаптық табысқа ықпал етеді. Жас оқытушылар кәсіби бейімделу екіні кезінде ерекше осал болады. Сондықтан жоғары оқу орындарының әкімшілігі мен кафедра ұжымдары эмоциялардың маңызын жүйелі түрде ескеріп, оқытушыларды жұмыста ұстап қана қоймай, олардың академиялық ортада толыққанды кәсіби тұрғыдан гүлденуіне жағдай жасайтын қолдау жүйесін құруы керек.

### Әдебиеттер:

1. Ченг, Л. Ағылшын тілін шет тілі/екінші тіл ретінде оқытатын мұғалімдердің эмоцияларының олардың кәсіби бірегейлігінің дамуындағы рөлі / Л. Ченг // Психология шептері (Frontiers in Psychology). – 2021. – Т. 12. – Мақала 755592. – 1-7 б.

2. Елерт, М. Мұғалімдердің кәсіби дамуын зерттеудегі эмоциялардың рөлі және оларды бағалау: Жүйелі шолу / М. Елерт, К. Груншель,

Ф. Кёлер // Білім беру психологиясына шолу (Educational Psychology Review). – 2025. – Т. 37, № 3. – Мақала 69. – 1-30 б.

3. Френцель, А.К. Сыныптағы мұғалім эмоциялары және олардың оқушылар үшін маңызы / А.К. Френцель, Л. Дэниелс, И. Бурич // Білім беру психологы (Educational Psychologist). – 2021. – Т. 56, № 4. – 1–16 б.

4. Харгривз, А. Аралас сезімдер: мұғалімдердің оқушылармен өзара әрекетін қабылдауы / А. Харгривз // Оқыту және мұғалім білімі (Teaching and Teacher Education). – 2000. – Т. 16, № 8. – 811-826 б.

5. Джи, Ю. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық практика кезіндегі эмоциялық тәжірибесі: сипаттамалары, серпіні және қайнар көздері / Ю. Джи, М. Убиби, Ш. Чен [және басқалар] // Психология шептері (Frontiers in Psychology). – 2022. – Т. 13. – Мақала 968513. – 1-15 б.

6. Джин, Ш. Мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуындағы жаңа бастаған мен тәжірибелі маманның өзара әрекетінен үйрену / Ш. Джин, Т. Ли, Я. Мейринк [және басқалар] // Білім берудегі кәсіби даму (Professional Development in Education). – 2021. – Т. 47, №5. – 1-19 б.

7. Лю, Ц. Бастауыш және орта мектеп мұғалімдерінің кәсіби қажуының қазіргі жағдайын зерттеу және қарсы шараларды талдау – Цзилин



провинциясы, Чанчунь қаласының үлгісі негізінде: магистрлік диссертация / Ц. Лю ; Цзилинь университеті. – Чанчунь, 2023. – 75 б.

8. Рич, П. Дж. Үздіксіз кәсіби дамудың бастауыш сынып мұғалімдерінің бағдарламалау мен есептеу ойлауын оқытудағы өзіндік тиімділігіне әсерін өлшеу / П. Дж. Рич, С. Л. Мейсон, Дж. О'Лири // Компьютерлер және білім беру (Computers & Education). – 2021. – Т. 168. – Мақала 104196. – 1-15 б.

9. Сунь, С. Мұғалім эмоциялары және кәсіби даму: Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытатын үш бірінші жылдық мұғалімнің мысалындағы зерттеу / С. Сунь, В. Чжан. – 2024. – 20 б. – (Жариялауға ұсынылған қолжазба).

10. Йи, А. Бастауыш және орта мектеп мұғалімдерінің жағымсыз эмоцияларының олардың кәсіби әдептен тыс мінез-құлқына әсерін зерттеу – Ухань және Сянъян қалаларындағы сауалнама деректері негізінде: магистрлік диссертация / А. Йи; Орталық Қытай педагогикалық университеті. – Ухань, 2023. – 70 б.

**Ань ЧЭНЬЯН,  
Сюй ЦЗИН,  
Чжан ЯЦЯНЬ,**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
«7М04134 – Педагогика. Білім берудегі менеджмент»  
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранттары.  
Алматы қаласы**



## Пример для подражания

*«Если звезды зажигаются, значит это кому-то нужно»  
Владимир Маяковский*

Искаков Ашимжан Мусимжанович (1966-2010) родился 27 августа 1966 года. Образование получил в средней школе имени В.И. Ленина села Шелек Енбекшиказахского района Алматинской области. После окончания школы поступил в Казахский институт физической

культуры, где обучался по специальности преподавателя физического воспитания.

В 1989 году, по завершении института, был направлен на работу в село Шелек Алматинской области. В том же году назначен тренером по ручному мячу в детско-юношеской



спортивной школе №1.

С 1990 года работал учителем физической культуры в средней школе имени Абая. В последующие годы занимал должность заместителя директора по воспитательной работе, продолжая педагогическую и спортивную деятельность. В школе имени Абая трудился до 2001 года. За годы работы активно развивал школьный и районный спорт, организовывал и проводил спортивные соревнования различного уровня. Все годы своей жизни он посвятил воспитанию молодого поколения, прививая им любовь к спорту, развивая школьный и районный

спорт, активно продвигая интерес молодежи к здоровому образу жизни, формированию здоровой нации. За годы своей педагогической деятельности Ашим Масимжанович вырастил несколько поколений учеников, которые с огромной благодарностью и большим уважением сохраняют светлую память о нем и продолжают начатое им дело по воспитанию подрастающего поколения.

В 1998 году по инициативе ученика Абишева Берика Кобеевича и был организован первый памятный турнир в его честь, ставший выражением глубокого уважения к наставнику.





гистике и координатором логистических процессов, где под его руководством работало около 500 сотрудников.

С 2007 года занимался предпринимательской деятельностью, в том числе в сфере дистрибуции в Енбекшиказах-

В 1999 году ему была присвоена высшая квалификационная категория.

С 2004 года продолжил трудовую деятельность в сфере логистики в городе Алматы, занимая должность логиста-менеджера филиала компании RGB Rands. В 2006 году был назначен директором по ло-





ском районе Алматинской области.

### Семья

В 1998 году создал семью с Дулятовой Гульбанум Хамитовной. В совместном браке родился сын Азиз.

Ашимжан Масимжанович с теплотой и вниманием относился ко всем детям, стал надёжной опорой для семьи и принимал активное участие в воспитании детей супруги — Эльзата и Саиды, а также с уважением и любовью относился к внуку Аяту.

### Память и турниры

Ашимжан Масимжанович ушёл из жизни в 2010 году после продолжительной болезни.

В 2011 году его учеником Бериком

Кобеевичем был организован памятный турнир, посвящённый его имени и педагогическому наследию. В этом же году в средней школе имени Абая, где он работал, в школьном музее был оформлен уголок памяти, посвящённый учителю физической культуры и начальной военной подготовки Искакову Ашимжану Масимжановичу.

В его честь было проведено четыре памятных турнира.

В последующие годы традиция проведения турниров была продолжена.

В 2023 году, а также в этом году его ученик и коллега Зунунов Руслан Акимжанович, ныне он яв-





ляется Генеральным директором РБК Строй групп самостоятельно организовал масштабный памятный турнир, полностью обеспечив его проведение. Были изготовлены баннер, кубки и памятные медали высокого качества. На медалях размещено изображение Ашимжана Масимжановича, а на обратной стороне надпись: «Турнир по волейболу в честь учителя высшей категории Исакова Ашимжана Масимжановича»

В 2026 году турнир был продолжен, став значимым спортивным событием, объединившим учеников, коллег и всех, кто чтит память Ашимжана Масимжановича. В этом турнире «Волейбол MIX» приняли участие 13 команд из 110 спортсменов. По итогу турнира призовые места получили:

1-место СШ имени А. Молдагуловой;

2-место ДЮСШ имени Ж.Ушкempiрова;

3-место ДЮСШ №2;

3-место СШ имени Абая.

#### **Благодарности**

Особую благодарность семья выражает племянникам Шукуру Хамитову, Бахтияру Хамитову, Дильмурату Дулятову, Расулу Дулятову, Ринату Дулятову и Юсупову Исламу за поддержку и активное участие в организации памятных тур-

ниров.

Ими была оказана финансовая поддержка и сформирован благотворительный призовой фонд соревнований.

Отдельная благодарность выражается сыну Эльзату, его супруге Дидаре, зятю Мехмеду, дочери Саиде и сыну Азизу за поддержку и участие в организации турнира.

Также выражается благодарность ученику и коллеге Даурену Муратовичу Рамазанову, директору спортивно-оздоровительного центра, предоставившему площадку для проведения турнира.

Выражается искренняя благодарность всем коллегам, ученикам и участникам турниров за сохранение памяти и продолжение традиций.

#### **Заключение**

Исаков Ашимжан Масимжанович запомнился как человек широкой души, педагог, наставник и профессионал, оставивший значимый след в жизни учеников, коллег и близких.

Светлая память о нём навсегда сохраняется в сердцах родных, учеников и всех, кто его знал.

**Эрико Абишевна  
ДЖУМАТАЕВА,  
внештатный корреспондент  
журнала «Образование для всех»  
г. Алматы**



## «Тілдік поезд». Сан есім

**Сабақтың мақсаты:** білім алушылардың «сан есім» тақырыбы бойынша өтілген сабақтарда алған білімдерін бекіту. Талдаудың алты деңгейін рет-ретімен жүргізе отырып, сатылай кешенді талдаудың түрлі амал тәсілдерін меңгерту; білім алушылардың мәтінмен жұмыс істеуге, сабаққа деген қызығушылықтарын, ізденушілік белсенділіктерін, танымдық қабілеттерін арттыру, жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру; мысал мен мәтіндер арқылы білім алушыларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** жаңа білімді бекіту сабағы.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау, жеке және жұптық жұмыс жасау, әңгімелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, мамандық иелеріне арналған слайдтар, тест, графикалық диктант.

**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезені.

а) білім алушылармен сәлемдесу, түгелдеу;

ә) сабақтың мақсатымен таныстыру;

б) Күтілетін нәтижені жобалау.

- Бүгінгі сабағымызда бірнеше саты бойынша құрастырылған тапсырмаларды орындау арқылы ал-

дыңғы сабақта өтілген «Сан есім» тақырыбын бекітеміз және меңгерген білімдерінді бақылап, бағалаймыз.

II. Тақырыпты бекіту кезені.

Сатылай кешенді талдауға жасалынған «сан есім» сызбасы арқылы берілген тапсырмаларды орындау.

Сан есім:

«Ойлан тап» (Сан есім түрлерін табу);

«Кім жылдам?» (Логикалық тапсырма);

«Кім тапқыр?» (Қатені түзеу);

«Бұл кім?» (Суретпен жұмыс);

«Тапқыр болсаң, тауып көр» (Графикалық диктант);

«Кім жүйрік?» (Тест);

«Ойна да ойла» (Сұрақ-жауап).

Біз Жаңақорған бекетінен мінеміз. Билет алу ережесі. Поезға мінетін оқушылар 3-тен топтасып, тақтаға шығады. Оларға 5 жетоннан беріп отырамын. Тапсырманы орындай алмаған оқушы білмеген жерін «Анықтама бюросынан» сұрайды. Ол көмегіне жетонын алады. Қалған жетон саны бойынша «кассадан» билет алады. (Вагондарға «купе» қызыл, «плацкарт» жасыл, «жалпы» көк билеттер бар) сұралмағандар «Жаңақорған» вокзалында қалады. Қосымша сұрақпен де жетон алып, поезға отыруға болады.

5 жетон – купе – бағасы «5»

4 жетон – плацкарт – бағасы «4»

3 жетон – жалпы – бағасы «3»



Билет алу үшін берілетін тапсырмалар.

**№1 тапсырма.** 1-топ. Сөйлем ішінен сан есімдерді тауып, құрамына, мағынасына қарай ажырат.

Мынау екі көршім мен үшеуіміздің үйлерімізде жиырма отыздан тұяқ бар еді.

2-топ. Берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жазыңдар.  
3. 12. 105. 489. 1991. 2009. 10255.

3-топ. Төмендегі сан есімдерді мағыналарына қарай топтап жаз.

Алпыс. Жүздей. Бес бестен. Он он бес. Он үш, төртеу, мыңыншы, бірер, алпыс шақты, елулерде, жүздеген.

**№2 тапсырма.** Енді үш топқа логикалық тапсырма беріледі.

1. Енді он жылдан соң, тақта қандай болады деп ойлайсың?

2. 6 қарындаштың көмегімен 4 тең үшбұрыш жаса.

3. 100 теңгемен сөйлес.

**№3 тапсырма.** Ойла, ойлан, ойландыр. Сан есім емлесін еске түсіріп, қатені түзе.

1-топ. 5 тен-3, 6 сынып, 15-кітап.

2-топ. Алтыау, мың-дап, 1945-жыл

3-топ. 25 ке, III-том, 25-наурыз

**№4-тапсырма.** Білім алушыларға сұрақ қоя отырып, жауаптарына синонимдік қатар айтқызу (мамандықпен байланысты).

Суретте бейнеленген қандай мамандық иесі?

Иә, дұрыс айтасыңдар – дәрігер. Дәрігер сөзіне қандай синоним сөз-

дерді білесіңдер?

(Ақ халатты абзал жан, емші, емдеуші, доктор, т.с.с.)

Дәрігер кімді емдейді? (Ауру, сырқат, науқас, кесел, дімкәс, дертті адамды)

Ал, мына суретте кім бейнеленген? (Иә, дұрыс, мұғалім)

Мұғалім сөзіне қандай синоним сөздер бар? (Ұстаз, педагог, оқытушы, білім беруші)

Мұғалім кімді оқытады? (Оқушыны)

- Ал, ендеше, оқушылар, сендер бүгінгі білім алушыларсыңдар, ертеңгі кәсіби маман иелерісіңдер.

Сен қандай мамандық иесі боласың?

Мамандыққа байланысты қандай синоним сөздер бар?

**№5-тапсырма.** Графикалық диктант. Синоним сөздердің екінші сынарын табу.

Адам

Байлық

Әлем

Әуелі

Мықты

Күшті

Жаһан

Алдымен

Қазына

Пенде.

Берілген графикалық диктантты орындау арқылы тәуелсіз еліміздің болашағы – жастардың қолында, білімді, тәрбиелі, жан-жақты қалыптасқан тұлға ғана аңсаған арманы-



на, білім шыңына жете алатындығы туралы айтылады. Тәуелсіздігіміздің ашық аспанында жетер биіктерің де, алар асуларың да аз еместігіне сенімім мол.

Білім алушылардың осы тақырып жайлы ой-пікірлері тыңдалады.

Сабақтың соңғы тапсырмасына да жеттік.

**№6-тапсырма.** Тест жұмысы, интерактивті тақтадағы тест сұрақтарын оқып, дұрыс жауабын жазады.

1. Синоним дегеніміз:

А) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер;

В) мағынасы қарама-қарсы сөздер;

С) жазылуы әр түрлі, мағыналары бір-біріне жуық сөздер.

2. «Даңқ» сөзінің синонимін тап:

А) мықты;

В) атақ;

С) дәулет.

3. «Қадірлі, құрметті, қадірменді» синонимдік қатары қай сөз табына жатады?

А) сын есім;

В) зат есім;

С) үстеу.

4. «Адам» сөзінің синонимін тап:

А) шәкірт;

В) дос;

С) кісі.

5. Синонимдік қатардың дұрысын тап:

А) күлу, сықылықтау, жылау;

В) зат, мүлік, нәрсе, бұйым;

С) көне, жаңа, ескі.

**№7 тапсырма.** «Ойна да ойла» ойыны қай топ сұраққа жауап берсе, сол топтың ұпай саны да арта түседі.

Жетіге дейін ғана саналатын қай сан есім?

Мына сан есімдер қай мақалдарда қолданылатын еді?

А) алтау, төртеу; ә) алты, бес; б) қырық бір.

3. Мына сан есімдер қай жұмбақтарда кездеседі?

А) екеуі, төртеуі, біреуі; ә) мың, бір.

4. Сандық мәні мен жазғандағы әріп саны бірдей сан есімді кім айта алады?

5. Оң оқыса да, теріс оқыса да, бірдей мағынада айтылатын қай сан есім екенін кім жазып көрсетеді?

### III. Сабақты қорытындылау.

Бүгінгі сабақта синоним тақырыбын бекіту арқылы 6 саты бойынша берілген тапсырмаларды орындап шықтық.

Сабақтың соңында орындалған тапсырмалар мен сұрақтарға талдау жасалынып, барлық білім алушылар өлшемдеріне сәйкес бағаланады.

### IV. Үй тапсырмасын беру:

Білім алушыларға өздерінің мамандықтары бойынша синоним сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін құрастырып жазу тапсырылады.

**Жанна Самаладинқызы  
АБЖАППАРОВА,**

**Байқоңыр «Космос» колледжінің  
жалпы пәндер оқытушысы.**

**Қызылорда облысы**



# Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек стилизациясы



**Гульнар Ибадатовна ИБРАИМОВА,**  
Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназияның  
көркем еңбек пәнінің мұғалімі.  
Бостандық ауданы,  
Алматы қаласы

<b>Сабақта менгерілетін оқу мақсаттары</b>	Тарихи және мәдени шығу тегі әр түрлі өнер, колөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету;			
<b>Сабақтың мақсаты</b>	Оқушылар: - ұлттық киімнің шығу тарихы және олардың қолдануымен танысады; - әр түрлі халықтың ұлттық киімінің ерекшелігі туралы түсінік береді; - ұлттық киімнің заманауи модельдері (этностиль) туралы түсінігін көрсетеді.			
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық мәдениетке құрмет;</li> <li>• Эстетикалық талғам;</li> <li>• Шығармашылық ойлау.</li> </ul>			
<b>Сабақтың барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі/уақыт</b>	<b>Педагогтың әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b>  (5 минут)	<b>1. Ұйымдастыру кезеңі:</b> Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру («Шаттық шеңбері») Оқушыларды ұлттық киім атауларымен топқа бөлу: I топ: «Сәукеле»; II топ: «Мұрақ»; III топ: «Бөрік». <b>Қызығушылықты ояту</b> Оқушыларды белсенді оқу іс-әрекетіне және жаңа білім алуға бағыттайды;	Оқушылар амандасып, бір-біріне сәттілік тілейді. Оқушылар түрлі халықтардың ұлттық киімдерінің түрлері бейнеленген үлестірме қағаз таңдап, 4 топқа бөлінеді.  Тақтаға орналас-тырылған қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген	Қалыптастырушы бағалау: Бірін-бірі бағалау.  Жарайсың! Керемет!	Әр топқа жа-зуға арналған жеке парақтар.



	<p>Оқу барысында ынталандыру үшін жағдай жасау.</p> <p>Жетелеуші сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық киім дегеніміз не?</li> <li>• Қандай ұлттық киімдерді білесіңдер?</li> <li>• Қазіргі кезде бұл киімдер қайда қолданылады</li> </ul>	<p>фотосуреттерді (мысалы, бас киімдер, аяқ киімдер, сыртқы киім, аксессуарлар) қарастырады және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.</p> <p>Қойылған сұрақтарға жауап береді</p>	Өте жақсы!	
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p>(35 минут)</p>	<p><b>2. Жана сабаққа шолу</b></p> <p>Мұғалім тақтаға бұрынғысына қосымша басқа ұлттық киімдер бейнеленген фотосуреттерді орналастырып, барлық оқушыларға суреттерге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұл суреттерде не бейнеленген?</li> <li>- Оларды не біріктіреді?</li> <li>- Сипаттаңдар, олардың айырмашылығы неде?</li> <li>- Мұнда көрсетілген киімдердің негізгі түрлерін атай аласыңдар ма?</li> <li>- Этностиль дегеніміз не?</li> <li>- Ою-өрнектің қандай түрлерін білесіңдер?</li> </ul> <p>Қазақтың ұлттық киімдері – халқымыздың мәдениеті мен дәстүрінің айнасы.</p> <p>Қазақ халқында ішкі, сыртқы, бір киер сәндік және салтанат киімдер болады. Бір киер киім деп қымбат маталардан тігіліп әшекейленген киімдерді айтады. Іш киімдер: көйлек, дамбал, желетке, кәзекей. Сырт киімдерге: Шапан, күпі, кеудеше, тон,</p>	<p>Оқушылар бірлескен әңгіменің негізгі сәттерін анықтай отырып, қорытындылайды, қажеттілігіне қарай альбомға немесе жұмыс дәптеріне жазады.</p> <p>Оқушылар бұл тапсырманы топта орындайды.</p>	<p>Бас бармақ әдісі</p> <p>Тамаша! Керемет! Жақсы!</p> <p>Жақсы! Керемет! Тамаша!</p>	<p>Сабақ тақырыбына сай көрнекілер: қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне жататын бұйымдардың фотосуреті мен суреті.</p> <p>Альбом, оқушылардың жұмыс дәптерлері</p> <p>Қазақтың ұлттық киімдері – бас киімдер, аяқ киімдер, сыртқы киім, аксессуарлар бейнеленген әртүрлі фотосуреттер</p> <p><a href="http://ehistory.kazakh.ru/ehistory/41740.php">http://ehistory.kazakh.ru/ehistory/41740.php</a> (Қазақтың ұлттық киімі)</p> <p><a href="http://wlooks.ru/nacionalnyekostyumu/">http://wlooks.ru/nacionalnyekostyumu/</a></p>



	<p>шидем, шекпен, қаптал, кебенек қаптал жатады. Киім мәуітіден жүн, жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Қазақтар құланның, ақбөкеннің, жолбарыстың, жаннат, бұлғынның, сусардың, түлкінің, ақ тышқанның терілерін ерекше бағалайды. Бұл аңдар терілерінен тондар ішіктер тігеді. Ішіктердің сыртын шұға, мәуіт, атлас, манат, қырмызы, торғын сияқты аталармен тыстайды.</p> <p>Ұлттық киімдер 4-ке бөлінеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пайдалану ерекшеліктеріне қарай;</li> <li>2. Жыл мезгіліне байланысты;</li> <li>3. Жас және жыныс ерекшеліктеріне байланысты;</li> <li>4. Әлеуметтік дәрежесіне қызметіне байланысты.</li> </ol> <p>Этникалық стиль — киім жиынтығында белгілі бір халықтың (этнос) ұлттық костюмінің ерекшелігін жаңғыртатын стиль. Жиынтық дайындау барысында ең бастысы осы немесе өзге ұлттың киіміне тән пішім, материал, реңк, ою-өрнек, сән, аксессуарларды қолдану болып табылады.</p> <p><b>3. Топтық жұмыс.</b> (Постер қорғау)</p> <p><b>1. Тапсырма:</b></p> <p>Әр топ өз атауына сәйкес киім туралы постер дайындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Атауы</li> </ul>	<p><b>Әр топ өз атауына сәйкес киім туралы постерді қорғайды:</b></p> <p>I топ: «Сәукеле»;          II топ: «Мұрақ»;          III топ: «Бөрік».</p> <p>(Атауы, қай кезде киіледі, ерекшелігі, ою-өрнегі)</p> <p>Әр топ өз ойлары мен жауаптарын сыныптастарына айтады, мұғалім оны қажеттілігіне қарай түзетеді.</p> <p>Оқушылар «Венн диаграммасы» арқылы қазақтың ұлттық киімдері мен түрлі халықтардың киімдерін салыстырады.</p> <p>Оқушылар топта сол құрамда жұмыс жасауды жалғастырады.</p> <p>Техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жұмысқа кіріседі.</p> <p>Оқушылар топта этникалық стиль, оның түрлері туралы презентациядағы ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап береді:</p>	<p>tatarskie/ (татар ұлттық киімі)</p> <p><a href="http://nazaccent.ru/content/4989-belorusskij-narodnyj-kostyum-strojnyj-obraz.html">http://nazaccent.ru/content/4989-belorusskij-narodnyj-kostyum-strojnyj-obraz.html</a></p> <p>(белорус ұлттық киімі)</p> <p><a href="http://www.voxpopuli.kz/main/ra-krpe-nacionalnye-tradicii-sovremennyy-podhod-12331.html">http://www.voxpopuli.kz/main/ra-krpe-nacionalnye-tradicii-sovremennyy-podhod-12331.html</a></p>
--	---	---	--



	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қай кезде киіледі;</li> <li>• Ерекшелігі;</li> <li>• Ою-өрнегі.</li> </ul> <p><b>4. Бірлескен сұхбат</b> Мұғалім оқушыларға топта сұрақтарды талқылауды ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ойланыңдар, әр түрлі халықтардың ұлттық киімдерінің түсі мен пішінінде ұқсастық бар ма?</li> <li>• Әр түрлі халықтардың ұлттық киімдерінде қандай айырмашылық және неліктен екенін сипаттап бере аласыңдар ма?</li> </ul> <p><b>5. Практикалық бөлім</b> <b>2. Тапсырма:</b> әр топқа бір-бір киімнен беріледі: костюм, көйлек, мойын орағыш. Оқушылар осы киім үлгілерін ұлттық ою-өрнектерді түрлітүсті қағаздардан қиып, этностиль үлгісінде өзгертеді. Сонымен бірге қосымша үлестірме қағаз арқылы сұрақтар беру.</p> <p><b>I топ: «Сәукеле»</b> - Жұмыс барысында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтадық? - Этностиль деген не? - Киімнің негізгі түрлерін ата?</p> <p><b>II топ: «Мұрақ»</b> - Ер кісінің бас киімдерін ата? - Этностильде заманауи киім дайындауға бола ма? Мысал келтіріңдер. - Сән өнеріндегі қандай отандық киім дизайнерлерін білесіңдер?</p>	<p>Топтың жұмыстары қорғалады.</p> <p><b>Сабақты SWOT талдау арқылы қорытындылау</b> S – күшті W – әлсіз O – мүмкіндіктері T – қауіптері</p>		
--	--	--	--	--



	<p><b>III топ: «Бөрік»</b></p> <p>- Әйел адамдардың бас киімдерін ата?</p> <p>- Жақы деген қандай киім?</p> <p>- Ит жейдені кім киеді?</p> <p><b>6. Сабақты қорыту</b></p>			
<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p>(5 минут)</p>	<p><b>Рефлексия «Білім қоржыны»</b></p> <p>Сабақты өте жақсы түсіндім, мен үшін өте қызықты болды.</p> <p>Сабақты жақсы түсіндім. Тақырып бойынша әлі де ізденуім қажет.</p>		<p>Оқушылар-жауаптарына пікір қалдыру.</p>	



## №109 сабақ. 11-ден 20-ға дейінгі сандар. Сандарды салыстыру



<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты</b>	1.1.1.2** 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру; 1.5.2.2** «+», «-», «=», «>», «<» белгілерін қолдану;
<b>Сабақтың мақсаты</b>	20-ға дейін санайды
<b>Құндылық:</b> (Негіздеме: <i>Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II, III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы</i> )	<p>«Адал азамат» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, біртұтас тәрбие бағдарламасы. Астана, 2025</p> <p>Сәуір айы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</p> <p>Апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»</p>





Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p><b>Сабақтың басы</b> 5 минут</p>	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Шуақ сыйла» әдісі Шашы алтын, көзі от, Шыға ғой күн тезірек. Жылу берші, шуақ берші, Маған, оған, досыма, Тағы, тағы, тағы да. «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. Құндылық мақсаты: Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету. Өткенді пысықтау «Жемістер жинау» ойыны</p>	<p>Оқушылар бір-біріне күн шуағын сыйлайды</p> <p>Ойын арқылы сандарды жұптап санауды пысықтайды</p>	<p>Көңіл-күйлерін көтеріп отыру</p> <p>Тамаша!</p> <p>«Баскетбол» әдісі арқылы мадақтау</p>	<p>Суреттер</p>  <p>Суреттер</p> 
<p>Өткенді пысықтау 5 минут</p>	<p>Жемістерде жазулы тұрған сандарды іріктейді. Тақпен саналған сандарды бір себетке, жұппен саналған сандарды екінші себетке салады</p>	<p>Сандарды тақтап және жұптап санайды</p> <p>Сандар құрамын жазады</p>	<p>Дескриптор: Тақ сандар мен жұп сандарды ажыратады. Жұптап санауды біледі, колданады</p> <p>Дескриптор: 11-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері санатады. Сан құрамын тақтаға жазады</p>	<p>Сандар кеспесі</p> <p>Тақта</p> <p>Кеспе сандар</p> 
<p><b>Сабақтың ортасы</b> 20 минут</p>	<p>Тақырыпты ашу 11-ден 20-ға дейінгі сандарды тақтап және жұптап санату Сан құрамын тақтаға жаздыру</p> <p style="text-align: center;"> <math>12 \qquad 18</math>    <math>10 + 2 \qquad 10 + 8</math> </p> <p>Жаңа тақырып ФС тапсырмасы 1-тапсырма</p>		<p>Дескриптор: Сандарды өсу және кему ретімен айтады.</p>	<p>Оқулық</p>





<p><b>Сергіту сәті</b> 2 минут</p>	<p><b>ЕҚБ</b> Қимамен жұмыс жасайды Есеп құрастыр және оны шығар Дене қимылдарын жасату 1-ден 20-ға дейін тура және хормен санай отырып жүру жаттығуын жасату</p> <p>Өзіндік жұмыс 3-тапсырма 20-ға дейін жұптап сана. Сандарды өсу және кему ретімен жаз.</p> <p>Жұптық жұмыс 4-тапсырма Салыстыр <math>0 + 9 * 10 + 3</math> <math>14 - 2 * 20 - 2</math> <math>18 + 2 * 20 - 8</math> <math>10 + 2 * 15 - 3</math> <math>10 + 7 * 19 - 2</math> <math>20 - 9 * 10 + 1</math> Зерттеушілік тапсырма Топтық жұмыс 5-тапсырма Санның орнымен қатарын жасыр. Бұл санды тапқан бала төмендегі жоспар бойынша сол сан туралы айтып берсін. 1-топ 1) Біртаңбалы немесе екітаңбалы. 2-топ 2) Санның «көршілері». 3-топ 3) Санның құрамы. Мысалы: 13 саны 1) Екі таңбалы. 2) 12 мен 14 сандары «көршілері»</p>	<p>Жүру</p> <p>Өзіндік жұмысты дәптерге және тақтаға орындайды</p> <p>Жұптық жұмыс жасайды</p> <p>Тапсырманы орындайды</p> <p>Жұптық жұмыс жасайды</p>	<p>Жұппен санап, сандарды өсу және кему ретімен жазады</p> <p>Дескриптор: Жұппен жұмыс жасайды. Өрнектерді мәніне қарап салыстыра алады</p> <p>Дескриптор: Ұяшықтағы сандарды зерттейді Әр топ өзіне бөлінген тапсырманы орындай алады</p>	<p>Оқулық</p> <p>Жұмыс дәптері</p> <p>Оқулық</p> <p>Суреттер</p> <p>Оқулық</p> <p>Сандар</p>   <p>Қима парақтар</p>
--	--	--	--	---



<p><b>Сабақты қорыту</b> 6 минут</p>	<p>3) 10 ондық және 3 бірлік <math>13=10+3</math>. ҚЖ: Саралау тапсырмалары 1-деңгей Суреттегі заттарды санап, оларды салыстыр, салыстыру амалдарын қой 2-деңгей Ондықтар мен бірліктерді ажыратып жаз. <math>52=</math> онд...бірл <math>19=</math> <math>83=</math> <math>41=</math> <math>35=</math> <math>94=</math> 3-деңгей Есепті шығар Оқу жылының басында Айдарда 40 торкөз дәптер мен 30 жол дәптер болды. Ол 50 дәптерді пайдаланды. Айдарда неше дәптер қалды? Кері байланыс</p>	<p>Тапсырманы орындайды</p>  <p>Дескриптор: 1-деңгей Суреттегі заттарды санап, оларды салыстырады, салыстыру амалдарын қояды. 2-деңгей Ондықтар мен бірліктерді ажыратып жазады. 3-деңгей Есептің шартын құрып, шығарады</p>		<p>Кері байланыс тақтасы</p>
<p>Қосымша тапсырма 2 минут</p>	<p>Кері байланыс</p>	<p>«Тик ток» әдісі</p>		
				

Айдана Алтайбекқызы ШЕГЕНБАЕВА,  
ДБА Абай мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.  
Қызылорда қаласы



## Мата туралы түсінік, алжапқыш тігу

**Сабақтың мақсаты:** студенттерге бағдарламаны таратып, еңбек сабағына бөлінген мата туралы неше сағат, тақырыптар жөнінде мағлұмат алу.

**Сабақта қолданылған көрнектілер:** еңбек сабағына қатысты құралдар, ине, жіп, мата, түрлі матадан тігілген жабдықтар, буклеттер.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Студенттерді тақырыпқа сай 4 топқа бөліп, ат қою. 1-топ – «Жібек», 2-топ – «Мақпал», 3-топ – «Барқыт», 4-топ – «Атлас».

**II. Мағнаны тану.** Мата туралы түсінік. Көрнектілік арқылы матаның түрлерімен танысу. Үйге берілген ізденіс жұмыстарын талдау. Әрбір топ өз жұмысын қорғап шықты.

**III. Топтастыру.** Студенттер топпен жұмыс арқылы ой бөліседі, ортақ пікір шығарады, бірін-бірі тыңдау қасиеттерін қалыптастырады.

**IV. Ой толғаныс.** Алжапқыш тігу үшін оның сызбасын құрастыру. Алжапқыш – күнделікті пайдаланылатын киім. Сұрақ-жауап әдісін қолдану. Қауіпсіздік ережелерінің талаптарын еске салып отыру. Тіккен алжапқышты 4-топ сұрақ қою арқылы салыстырады.

**V. «Кубик» арқылы:**

1. Салыстыр (ұқсастығы, айырмашылығы);
2. Суретте (түсі, тігілуі);
3. Талда (қалай, неден тігілген);
4. Іске асыр (не істеуге, қалай қолдануға болады).

**VI. Әрбір топқа өзін-өзі бағалату.**

**VII. Қорытынды.**

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Бағдарлама туралы; Матаның түрлерін; Қауіпсіздік ережесіне қойылатын талаптар.	Матаның тағы қандай түрі? Матадан түрлі киімдер тігу.	Бағдарлама туралы; Алжапқыш тігу; Мата түрлерін; Әр түрлі әдіс түрлерін СТО.

Бұл әдіс студенттердің өз ойын еркін айтуына мүмкіндік береді. Қорыта келе, бұл әдістің қасиеті студентке тиянақты білім беру, оның сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ізденгіштігін, байқампазды-

ғын дамытып, жеке тұлға тәрбиелеу деп ойлаймын.

**Қ. ӘБДИҒАЛИЕВА,**  
Қ. Дүтбаев атындағы Гуманитарлық колледжінің оқытушысы.  
Атырау қаласы



Индекс 75488

# Білім кілті- Ключ знаний журналы

*Құрметті оқырман қауым!*

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып  
алыңыз да,  
жазылыңыз!**

		Басылым индексі АБОНЕМЕНТ 75488									
Білім кілті- Ключ знаний		Комплекті саны									
2026 жылға, айлары											
кайда											
кімге		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
		(аты, жөні)									
ПВ орны		Тасымалдау карточкасы 75488 Басылым индексі									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны							
2026 жылға, айлары		...тенге	...тиын								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											
кайда											
кімге		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
		(аты, жөні)									





Ағасы, журналист  
Еркін Жаппасұлымен



Отбасымен



Бауырларымен



Жеңгесі Қалдықыз, Ырымкеш, келіні Айгүлмен



Үлкен немересі Мәди



Немересі Елжас



Інілері мен туыстары



Туысқандарымен

**Индекс 75488**



**050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел: 8 777 194 94 58, 8 777 303 37 67.  
Эл.пошта: [pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)**